

Бір кезде қазақ әдебиетін қайта жаңғыртып келген бір шок таланттарымыздың, ақындарымыздың бірі, жетпіс бес деген асудың биігіне шығып, өз оқырмандарын қуанышқа бөлеуде. Ол Мұқағали Мақатаев.

Мұқағали Мақатаев өмірбаянын өз жырларымен жазып кетті. Оның кең мағынасындағы шын ақындық, азаматтық диапазоны, қаламгерлік мәдениеті қай тұрғыдан әңгіме етуіне де асып-тасып жетіп жатыр. Жер басып жүрген тірі пенденің басынан кешуге жазған несібенің біразының дәмін Мұқағали Мақатаев татқан. Мүмкін, бірде емін-еркін ләззатқа кенеліп, бірде шөміштен қағылған кездері де аз болмаған шығар. Бірақ осының бәрі өмір еді, ақын өмірі еді. Ол сонау отызыншы жылдардың бас кезінде, қақаған қыстың қытымыр бір күнінде (1931 ж, 9 ақпан) кәдімгі жұрт қатарлы іңгәлап, дүниеге келген еді.

Мұқағали Мақатаев бөбек күнінен бастап Пшін деген әжесінің тәрбиесінде өскен. Бұл өзі тумысында ауыл-аймағына белгілі, мәртебелі шешен әрі қара қылды қақ жаратын әділ, бұлталақты бімейтін қайсарлығымен қоса, әсіресе қайғы атаулығы қарсы тұрып қайраттанып алатын, қуанышқа да орынсыз шалқып, тасымайтын мейлінше ұстамды адам болған деседі. Қазақтың халық өлеңдерін, ертегісін, жар-жар, аужарын, батырлар жырын немересінің зердесіне жастайынан сіңіре білген. Мұқағалиды бесік жырымен әлдилеп, үлкен өнер жолына дейін рухани демеген ең алғашқы қайнар бастауы осы анасы болатын.

Майданға өз еркімен сұранып кеткен жанашыр әке Ұлы Отан соғысынан туған ордасына қайтып оралмай, сол балаң кездің өзінде болашақ ақын өз шаңырағының қайғысын қалың ел қасіретімен ұштастырды. Мұқағали Мақатаев мұрасын қарап отырсаңыз, “1941 жыл. Ақпан”, “Тірісіндер, құрбандар”, “Мен сендерді іздеймін”, “Жаралылар туралы баллада”, “Сөнбейді әке шырағың” өлеңдері бүкіл бір тарихи кезең шындығын қаз қалпында алдына тартатын дүниелер.

Мұқағали Мақатаев жастайынан дарынды, алғыр болып өсіпті. Он жылдықты үздік бітірген, табиғатынан зерек, классиктер шығармаларын о бастан жатпай-тұрмай жүйелі оқып, сирек кездесетін басылымдарды Мәскеу кітапханаларынан жаздырып алуға дейін ақылы жеткен ойлы жігіт соғыстан кейінгі жылдары, (1948) шет тілдер институтына (неміс тілі) оқуға түскенімен, оны тастап кетіп, екі-үш жыл ауылдық кеңес хатшысы, қызыл отаудың меңгерушісі, комсомол қызметінде болды. 1962-1972 жылдары “Социалистік Қазақстан”, “Қазақ әдебиеті” газеттерінде, “Мәдениет және тұрмыс”, “Жұлдыз” журналдарында бөлім меңгерушісі, 1972-1973 ж. Қазақстан жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметтерін атқарды.

**Қырық бес жас
Қырық бес сәт қас-қағым,
Жазылуда жазылмаған дастаның,
Күннен-күнге тереңдеуде теңізің,
Күннен-күнге биіктеуде аспаның,
Жуып-шайып тазалауда жырларың
Жан дүниенің кір-қоқысын, ластарын.
Жатыр бүгін мәртебеңді өсіріп
Қандастарың,
Достарың һәм қастарың.
Ұлт ақыны өлмейтінін тағзы да
өлеңіңмен
өміріңмен растадың.**

Е.Бағай



Тұңғыш өлеңі 1948 ж. Нарынкол аудандық “Советтік шекара” газетінде басылды. Жыл өте “Социалистік Қазақстан” газетінде жарық ете қалған “Аппассионатта” қуатты қаламның кең тынысын, ақындық ажардың жаңа бағдарын айқындап берді.

Алпысыншы жылдардың аяқ кезінде мерзімді баспасөзде жариялатқан ақынның бірнеше өлеңдері, “Ильич”, “Мавр” поэмалары, “Қарлығашым келдің бе?”, “Дариға-жүрек”, т.б. жарық көрді.

Ақын жырларының тәрбиелік мәні-ең алдымен жоғарыда біз тоқталған азаматтық өрелі ойларының өміршендігінде, парсаттылығында. Ол сырқат меңдетіп, жан азабымен мұңдасып жатып та, “Жылап келіп, келмейді жылап кеткім”, “Айығып келем”, “Сырқат сыры”, “Емханада” сияқты жанға қуат күдіретті сөздер қалдыра алды.

**“Тереңдеді аш,
Ақ сәуле үйіңе енсін
Үйіңе енсін,
Жаныңның күйі келсін.
Іздеме қойлегіңді, күн сыйлаған
Шуақты нұрыменен киінерсің”.**

Қазақ әдебиетіне жалын жастық, өмірге құштарлық, махаббат-мейірім тақырыбында “Күн ұшып келе жатыр”, “Жүр, қалқам”, “Аңса, жаным”, “Қажыдың, қарғам” сияқты ғажайып жырлар сыйлаған лирик ақынның о басынан, жаратылысынан моральдық бітімі мейлінше мінсіз еді.

“Аякөз аруда” ел, жер атауынан шығара отырып, өткен өмірге көз жіберсе, “Махаббат моласында” Қозы мен Баян трагедиясы арқылы сонау қатыгез заманға, зұлымдық көрінісіне өз жүрегінің үкімін шығарған. Мұның өзі ақынға бүгінгі Махаббат, Мейірім атаулының қадірін ұғу үшін ар шешіміне жүгіндіретін тарих сабағы еді.

Қазақ ақындарының ежелден бергі дәстүрлі мәнерінің өзі ортақ еншімізге тиесілі ата мұра сияқты М.Мақатаев қаламымен тағы бір заңды жалғасын тапқандай.

Ақын өзі айтқандай, Абай тілінен қуат алып, Абай үлгісімен жыр жазған, Абай болып бір кісіге табынып, Абай болып әлдекімнен түңіле білген сезімтал жүрекке рахметтен басқа айтарымыз болмаса керек.

**Қамзина Сәбира,
№7 қалалық кітапхананың
кітапханашысы**